

Бала тәрбиелеудегі қимылды ойындардың маңызы

Абжанова Элвира Ергалиевна
Чириковка орта мектебі жанындағы "Айналайын" шағын орталығының
тәрбиешісі

Ойын – өсіп келе жатқан бала организмінің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шындала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шындалады.

Ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойында қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым қатынас жасайды. Ойын-балалар үшін айналадағы танып-білу тәсілі. А. С. Макаренко былай деп жазды: «Бала ойында қалай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады. Сондықтан келешек қайраткер азаматты тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Ойынның негізгі ерекшелігі: балалардың қоршаған ортаны – адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын-бейнелеуі болып табылады». Ойында бөлме, теңіз, ұшақ, темір жол вагоны да болуы мүмкін. Ойын ешқашан да өзінің қызы, ушылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті рөлді, драматизациялық, дидактикалық құрлыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді. Ұстамдылығы, жағдайлары салыстырылып бағдарлау іскерлігі жетіле түседі.

Мұндай жағдайда балалардың түрлі топтағы бұлшық еттері бірдей қызмет етеді де, соның нәтижесінде олар бірқалыпты жетіледі. Алайда қимылды ойындардың маңызы тек мұнымен ғана шектелмейді, олар сондай-ақ балалардың жан-жақты өсіп-жетілуінде үлкен рөл атқарады. Қимыл ойындары – балаға дене тәрбиесін беру құралы.

Қимылды ойындар ерекшелікке, байқағыштыққа, зейінділікке, қиалдауға, дұрыс сезімдердің дамуына

мүмкіндік жасайды.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың доппен, шеңбермен, жіппен секіру, тас лақтыру және басқа да заттармен ойнайтын көптеген қимылды ойындарында ережені балалардың өздері белгілейді. Қай жағдай болса да

Келесім барлық ойнаушылар үшін заңды ереже болып табылады.

Бұл дәстүрлердің тәрбиелік мәні үлкен.

Қимылды ойындарды пайдаланған кезде дидактикалық принциптерді: жүйелікті, бір ізділікті, белсенділікті, парасаттылықты сақтау керек. Бұл ойындар жинағында «Балалар бақшасындағы тәрбие программасына» сәйкес 3 жастан 7 жасқа дейінгі балаларға арналған ойындар іріктеліп алынады.

Ойындар, әрбір жас тобы үшін балалар қимылының басымдылық процесіне қарай орналастырылған: жүру, жүгіру, лақтыру, секіру, өрмелеу. Дидактикалық ойынның нәтижесі – қандай жолмен болса да ұту емес, балалардың білімді игеру, ақыл-ой қызметін дамытуда, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерінің көрсеткіштері. Дидактикалық ойындар топ бөлмесінде, аулада, орманда өткізіледі. Дидактикалық ойынын орталығы-ойыншықтар мен ойын құралдары. Стол үсті ойындарға лото, домино, тақырыптық ойындар (Қайда не өседі? Бұл кімге керек?) мозайка типтес ойындар жатады. Ересек топтағы балалар үшін қағазға басылған стол үстінде ойналатын ойындар қызықты болады.

Барлық жас ерекшеліктеріне бар топтарда тәрбиеші ұйымдастырылған қимылды ойындар балаларға қызықты болып, өызу да шапшаң, сезімді, емін-еркін өткізуге тиіс. Тәрбиеші қандай қимылды ойындарды бүкіл топпен өткізетінін қандай ойынды аз ғана топпен, қандайын жеке балаларға ұсынатынын белгілеп қояды. Тәрбие жұмыс жоспарынан көрсетілген әр жас ерекшелігі бар топтар бойынша белгіленген жаңа міндеттер соларға бойланысты шешіледі.